

ӘОЖ 911.9:902/904

FTAXP 03.21.00

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).131

¹Мазбаев О.Б., ¹Мақсат Алпысбес, ²Табұлдин Гизат, ³Абдулхайров А.
⁴Изенбаев Бекнур

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КеАҚ,
Астана, Қазақстан

²ОО "Академия истории и общественных наук"

³Февзи Якубов атындағы Қырым инженерлік-педагогикалық
университеті, доцент.

⁴Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті

Корреспондент-автор: ordenbek@mail.ru

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХИ – МӘДЕНИ ЛАНДШАФТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Ұлы Даланың тарихи-мәдени ландшафттарына шолу жасалады. Ұлы Дала – Еуразияның шөл, дала, орманды дала және таулы аймақтарын қамтитын кең табиғи-географиялық кеңістік. Жылқыны қолға үйрету мен көшпелі мал шаруашылығы осы кеңістікте өркениет дамуына негіз болды. Көшпелі мәдениет түрлі этностар мен мәдениеттердің байланысын күшейтіп, бұл үрдіс ғұн, түрік және Шыңғыс хан империялары дәуірінде жалғасын тапты. Ұлы Даланың бай табиғи және мәдени мұрасы Қазақ хандығының құрылуына тікелей ықпал етіп, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен саяси дамуын айқындады. Түрік қағанаты, Жошы Ұлысы (Алтын Орда) және Қазақ хандығы дәуірлеріндегі тарихи сабақтастық осы аймақтың саяси-мәдени рөлін арттыра түсті. Тарихи деректер мен археологиялық зерттеулер Ұлы Дала қоғамдарының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен этно-мәдени бірлігінің қалыптасуын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Ұлы дала; Шағатай ұлысы; қазақтар; Жетісу; Шығыс Түркістан; моғол; Қазақ хандығы; Дешті Қыпшақ; Моғолстан.

Kipicne

Ұлы Дала өркениетінің географиялық және климаттық жағдайларға тікелей байланысты болғаны көп айтыла бермейді. Көшпелілердің тарихи-мәдени ландшафтпен байланысын бірнеше аспектіде қарастыруға болады:

- Ландшафттық білім. Даланың су көздерін, шөпті аймақтарын жақсы біліп, көшіп-қонуды осыған сәйкестендірді. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған тәжірибе болды. Жер бедерін, өсімдіктердің таралуын, су көздерін жақсы білген. Олар қай жерде су бар, қай жерде шөп жақсы өсетінін анықтап, осыған сәйкес көшіп-қонған. Бұл білім ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, көшпелілердің өмір сүру қабілетін арттырған. Сонымен қатар экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып табиғатты қастерлеп, онымен үйлесімді өмір сүруге тырысқан. Олар



малдың санын шектеп, жайылымдарды шамадан тыс пайдаланбаған. Бұл экожүйені сақтап қалуға және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. Ландшафт көшпелілердің мәдениетіне әсер еткен. Даланың кеңдігі, таулардың асқақтығы, өзендердің мөлдірлігі олардың әндерінде, аңыздарында және өнерінде көрініс табады.

Мәдени ықпал. Даланың кеңдігі мен таулардың асқақтығы қазақтың әндерінде, аңыздарында көрініс тапты. Киіз үй – табиғатпен үйлесімді өмірдің архитектуралық үлгісі ретінде қалыптасты. көшпелілердің баспаналары (киіз үйлер) жергілікті жағдайларға бейімделген. Киіз үйлерді тез тігіп, оңай көшіруге болады. Олар жазда салқын, қыста жылы болады. Киіз үйлер көшпелілердің климатқа және географиялық жағдайларға бейімделуінің керемет үлгісі болып табылады. Тарихи деректерге қарасақ киіз үйдің алдында қос, күрке, шалаш, фивгам, чум болғандығына күмән елтіре алмаймыз. Киіз үйдің шығу тарихы қос, күрке, шалаш чум, вивгам сияқты қарапайым баспаналармен байланысты болуы мүмкін. Алайда, көшпелі өмір салты, түркі халықтарының білімі және әлеуметтік құрылым киіз үйдің қалыптасуына шешуші әсер етті. Киіз үй – көшпелілердің табиғатпен үйлесімді, функционалды және мәдениетін көрсететін бірегей архитектуралық туындысы.

Сондықтан көшпелілердің тарихи-мәдени ландшафтпен байланысын терең зерттеу қазақ халқының тарихын, мәдениетін және өркениетін түсіну үшін өте маңызды. Бұл туралы деректерді көбірек жариялау керек деп ойлаймыз. Шын мәнінде, жылқыны қолға үйрету және көшпенділер деп аталатын түпнұсқа кешенді мал шаруашылығы мен ауылшаруашылық шаруашылық түрін игеру арқылы Ұлы Даланың барлық кеңістігі ерекше өркениеттің пайда болуы мен даму аймағына айналды. Бұл өркениет белгілі бір рөл атқарды, оның шетінде тұратын қоғамдарды біртұтас тұтастыққа біріктірді. Жерорта теңізі сияқты дала әртүрлі мәдениеттердің, тілдердің, діндердің қиылысатын жеріне айналды. Бұл рөл әсіресе империялар – ғұндар, түріктер мен Шыңғыс тұқымдары шеңберінде Еуразияның дала кеңістігін саяси шоғырландыру сәттерінде айқын көрінді [1; 2].

«Ұлы Дала» – Еуразияның, соның ішінде қазақ жерінің шөлді, дала, орманды дала, таулы және өзге де ландшафттарын қамтитын орасан зор табиғи-географиялық аймақты біріктіретін шартты атау. Еуразияның кең далалық кеңістігі оның ерекшелігімен таныс емес шетелдік саяхатшылардың көз алдында ғана шешілмейтін кедергілер болып көрінгенімен шын мәнінде көне тарихи карталарда Қазақия / Казахия атауымен белгіленгені анық көрініп тұр. XVI–XVIII ғасырларда Еуропада жасалған карталарда «Казахия» мен «Тартария» ұғымдары қатар қолданыста болған. Бұл атаулар Ұлы Даладағы этносаяси өзгерістердің географиялық кеңістікпен тікелей байланыста екенін дәлелдейді. Зерттеуші Мұхит-Ардагер Сыдықназаров сол әйгілі еуропалық карталарды қайта басып, көбейтіп, жарыққа шығарған еңбегінде «Казахия» атауының кең таралуы картографиялық деректер арқылы түсіндіріледі.

Моңғол дәуірінен кейінгі кезең Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан халқының бірігуімен сипатталады. Осы иеліктерде моңғол дәуірінің ыдырау процесі жүріп, Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы құрылды.



XIII ғасыр мен XV ғ. басы аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде Ақ Орда мемлекеті өмір сүргендігі туралы баяндайтын біршама зерттеушілер бар. Ол моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан жерінде пайда болған бірінші ірі мемлекет [3]. XIV ғ. екінші жартысында Алтын Орда билігі әлсіреп, Ақ Орда күшейіп, дамудың ең жоғары сатысына жетті. Жер аумағы батысында Жайық өзенінен шығыста Ертіс өзеніне дейінгі, оңтүстікте Сырдария алқабы, Арал теңізінің солтүстік-шығысынан солтүстікте Оңтүстік Сібір ормандарына дейінгі жерлер болды. Еңбектерде Ақ Орданы Астанасы – Сығанақ қаласы (Сырдарияның орта ағысы). Тұрғылықты халқы түркі тілді ру-тайпалардан құралды. Ақ Орда құлағаннан кейін, оның орнында қалыптасқан саяси бос уақыт Қазақ хандығының құрылуына алып келді. Жердегі билік үшін күрес, ру-тайпа аралық тартыстар, жаңа саяси бірлестіктердің пайда болуына жол ашты. Мемлекеттік басқару тұрғысынан Ақ Ордада қалыптасқан мемлекеттік басқару жүйелері мен заңдар жүйесі Қазақ хандығында да өз жалғасын тапты. Бұл екі мемлекеттің арасында табиғи сабақтастық болды. Негізінен, Ақ Орда мемлекеті Қазақ хандығының құрылуында маңызды рөл атқарды, оның саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық құрылымы Қазақ мемлекетінің қалыптасуына негіз болды.

Орта ғасырдағы қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті – Қазақ хандығының құрылу тарихының мәселелері қарастырылған. Автор әр тілде жазылған көптеген ортағасырлық жазба дерек мәліметтеріне, түрік халықтары мен қазақ халқының ауыз әдебиеті материалдарына сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылу тарихындағы күрделі мәселелерді жүйелі түрде тереңірек зерттейді Қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың бастал ғанына 3 мың жылдай уақыт болды. Скифтердің, одан кейінгі сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың тарихы Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихының маңызды бір бөлігі болса, олардың мемлекеттік тарихы да қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың бастаулары болып саналады.

Түрік дәуірінде мемлекет нығая түсіп, ол қағанат (империя) деңгейіне дейін көтеріледі. Моғолстан моңғолдар билеген Мұхаммед Хайдардың да ата-жұрты еді. Ата-қонысы Моғолстанда дербес тәуелсіз мемлекет құрған қазақ халқының саяси аренаға шығаруының тарихи маңызын Дулати ең алдымен шығыс оқымыстылары ішінде көтерді, әрі Қазақ мемлекетін, қазақ халқын «Тарих-и Рашиди» [5] атты еңбегі арқылы әлем жұртшылығына паш етті. Ал Алтын Орда дәуіріндегі мемлекеттіктің тарихы баршаға мәлім. Бірнеше ғасыр бойы Еуразия аумағындағы жалғыз империя болған Алтын Орда өзінің тарихи міндетін атқарып, өз жолын оның орнында құрылған ұлттық сипаттағы мемлекеттерге береді. Қырым хандығы, Қазан хандығы, Сібір хандығы, Астрахан хандығы, Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Қазақ хандығы, міне бұл аталған мемлекеттердің бәрі – Жошы Ұлысы немесе Алтын Ордадан шыққан мемлекеттер [4; 5].

Қазақ хандығының құрылу тарихымен XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бері тарихшылар үздіксіз айналысып келеді [6; 7]

Қазақ хандығының құрылу қарсаңында (XIV-XV ғасырларда) Қазақ тайпалары Сібірден Сыр бойына, Ертістен Жайық жағасына дейінгі жалпақ өңірге жайылып қоныстанған болатын. Осы дәуірді баяндайтын орта ғасырлық



тарихшылардың шығармаларында қазақ даласының негізгі тұрғындары ретінде қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, үйсін, найман, керей, қоңырат, маңғыт тағы басқа тайпалар аталады. Бұлар қазақ даласының ежелгі тұрғындары, сондай ақ бұдан бұрын осы өңірлерде құрылған Ақ Орда, Моғолстан, және өзге де хандықтардың халқын құраған этникалық топтар құраған еді. Бұл тайпалар ішінде қыпшақтардың орны өзгеше болды, XIII ғасырдың деректерінде Алтын Орда хандары «Қыпшақ патшалары»² деп аталды. Қыпшақтар XIV ғасырда Орда Ежен мен Шайбани ұлыстарын мекендеген Ақ Орда халқының, ал кейіннен Әбілхайыр хандығы халқының да едәуір бөлігін құрады [8]

Зерттеу материалдары мен әдістері

Жошы Ұлысы (Алтын Орданың) ыдырауы (XIV ғ. ортасы). Қазақстан аумағында Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр ұлысы сияқты жаңа мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақстан аумағында Ақ Орда дербес мемлекет ретінде ерекшеленеді. 1428 жылы Барақ қаза тауып, билік шыңғызилер өкілі, Шейбан ұрпағы Әбілқайырға өтеді. 15 ғасырдың 40-жылдарында Әбілқайыр хан астанасын Сығанақ қаласына көшіреді, XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында көшпелі дала тайпаларының бір бөлігі Әбілқайыр Ордасынан Моғолстан территориясына жаппай қоныс аударды.

Бұл қоныс аударуды Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарды. Бұл жағдайда қоныс аудару көшпелі халық бұқарасының бір мемлекет аумағынан екінші мемлекет аумағына жай қоныс аударуы, көшпелі тайпалардың кәдімгі қоныс аударуы емес, көшпелі түрік ру-тайпалардың Әбілқайыр хандығын мойындаудан бас тартуы, яғни саяси-әлеуметтік наразылық білдірудің саналы бір көрінісі еді. Әлеуметтік наразылықтың осындай түрі көшпелі халыққа тән еді, және көшпелі қауымдастықтардың саяси дәстүрлерінің бірі болды. Егер де қоныс аудару жағдайларына назар аударсақ оған табиғи географиялық, және геосаяси жағдайдың да ықпалы тигенін көре аламыз.

1428 жылы Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ хан қаза тапты. Билік Шайбан әулетінен шыққан Әбілқайырға өтті. XV ғ. 40-жылдары Әбілқайыр өз астанасын Сығанаққа көшіріп, Дешті Қыпшақ аумағындағы билігін нығайтты. Моғолстан аумағы ойраттардан шығыс шекараларымен шектесуі, Тимурилер саяси әулетінің оңтүстік-батыс жердеріне қауіп төндіруі, Әбілқайыр ханның солтүстік-батыс шекараларына қоныстануы. Моғолстан ханы Есенге келген көшпенділерге батыс Жетісуда, Шу мен Талас өзендерінің аңғарларында қоныстануға рұқсат берді. Деректерде дәл осы аумақ жаңа құрылған Қазақ хандығының алғашқы орналасқан жері болды. Қазақ ру-тайпалар одағы мен Қазақ хандығының тарихындағы Моғолстанның ықпалы болғаны туралы зерттеулерде айтылады [9;10;11].

XIV–XV ғасырлардағы оңтүстік-шығыс Қазақстанның геоэтносаяси және әлеуметтік тарихын зерттеу бүкіл далалықтарға ортақ бірқатар зерттеу мәселелерін шешумен байланысты болғанын байқаймыз. Отырықшы-егіншілік аймақтардың тұрғындарымен тұрақты шаруашылық, саяси, мәдени байланыстар жағдайында, олардың үдемелі дамуының кейбір экономикалық мүмкіндіктері соның ішінде жер су жағдайы үлкен мәнге ие еді. Ақ Орда және Моғолстан сияқты мемлекеттердің оның алдыңғы тарихымен байланысты Қазақ хандығының



құрылуы шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік-этникалық үдерістердің алғышарттары мен нәтижесі болды. XIV–XV ғасырларда негізінен Қазақстан аумағында өзінің «қазақ» деген ұлт атын алған біртұтас халық қалыптасты

Ұлы Дала ландшафтысы күрделі болды, оны географияның көмегінсіз шешу мүмкін болмады, өйткені тарихи кезеңдегі аймақтардың шекаралары бірнеше рет қозғалды, Ұлы Дала мен оған іргелес көрші елдердің этникалық мазмұны этногенез процестеріне тікелей қатысты, этникалық топтардың үнемі қоныс аударуы, құндылықтық және дүниетанымдық ұстанымдарының өзге болуына орай ығыстырылды, және соған сәйкес өзгеріске түсті. Физикалық-географиялық жағдай да тұрақты болған жоқ. Ормандардың орнында дала мен шөлдер ауа-райы, климаттық жағынан ауытқуы да адамның табиғи ортаға жыртқыш әсерінен де пайда болды. Нәтижесінде адамдар шаруашылық-экономикалық қызмет жүйелерін өзгертуге мәжбүр болды, бұл өз кезегінде әлеуметтік қатынастар мен мәдени болмыс сипаттарына да әсер етті. Мәдени байланыстар Еуразия континентінің халқының дүниетанымына ерекшеліктер әкелді, әр дәуірде өзгеше болды. Тарихи процестің барлық осы компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан олардың кез-келгенін жіберіп алу мүмкін емес, бірақ егер сіз оларға хронологиялық нақтылау қоссаңыз

Географиялық карта мен деректерді қолдану:

Тарихи кезеңдерде аумақ шекаралары өзгеруін зерттеуге географиялық карталар мен заманауи геоақпараттық жүйелерді (ГИС) пайдалану өте маңызды. Бұлар аймақтық трансформацияларды, миграциялық ағындарды және этникалық құрамның өзгерістерін визуализациялауға мүмкіндік береді.

Климаттық өзгерістер мен қоршаған ортаның экологиялық әсерлер:

Климаттық ауытқулардың адам қауымдарына әсері туралы зерттеулер мен модельдер құру (мысалы, климаттық реконструкциялар) арқылы Ұлы Дала мен оған іргелес аймақтардағы экологиялық өзгерістерді тереңірек түсіну қажет. Бұл ауа-райының ұзақ мерзімді трендтері мен адамзаттың әрекеттеріне байланысты экологиялық теңгерімнің бұзылуын түсіндіре алады. Сондай-ақ, адам баласының шаруашылық жүргізу нәтижелері ретінде қоршаған ортаға тигізген әсерлері, географиялық ландшафты тарихи ландшафтке айналдыруы үдерістері қарастырылуы мүмкін.

Этногенез және миграция:

Этногенез процесі мен миграцияның шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілерін зерттеу неғұрлым жан-жақты, толық көрініс береді. Палеогенетикалық зерттеулер, археологиялық артефактілер этностық топтардың пайда болу және дамуы туралы қосымша мәліметтер бере алады. Ерте уақыттардағы палеодемографиялық ахуалды білу арқылы қауымдардың қоршаған ортаға бейімделу процестерін көруге болады.

Мәдениетаралық байланыстар:

Мәдени байланыстар мен айырбас процестері туралы деректерді зерттеу тарихтан алынған мұраларды, фольклорды, өнерді және дінді зерттеуді қамтиды. Ұлы Дала қоңсыларының арасындағы тілдік, музыкалық және өнер туындыларының өзара алмасуы мәдени бірегейлікті қалыптастыруға және



мәдениеттердің қарым-қатынасына әсер етіп, әр түрлі халықтардың мәдени қалыптасуына негіз болды.

Ресурстар мен экономика:

Экономикалық қатынастар мен ресурстардың басқарылуы, сондай-ақ олардың тарихи контексте уақыт өте келе қалай өзгергенін зерттеу маңызды. Қазіргі кезде жүргізілетін экономикалық зерттеулер мен тарихи деректердің синтезі арқылы белгілі бір аймақтардың экономикалық дамуындағы өзгерістерді түсінуге болады.

Л.Н. Гумилевтің кешенді және көп қабатты тарихи көзқарастарының контекстінде ұлттық сәйкестік, немесе сәйкессіздік миграция, және мәдени гетерогенділік мәселелерін талдау үшін маңызды. Оның теориялары тарихи процестерді түсіндірудің әр түрлі аспектілерін ашады.

Әр түрлі жастағы ландшафттарға, мәдени типтерге саяси формаларының өзгергіштігіне қарамастан, барлық аталған этностар мен реликттер арасында ортақ нәрсе болды: олардың барлығы ата – бабалары бейімделген белгілі бір географиялық аймақтардағы болмыстық жарылыстары пайда болуы нәтижесінде этникалық субстраттар шықты. Демек, олардың көші-қоны дәстүрлі әдістермен таныс және үй шаруашылығына жарамды ұқсас ландшафтық жағдайларда қоныстану сипатына ие болды

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Шығыс тарихнамасында «Тарихи Рашиди», «Шайбани нама», «Бахр әл-асрар» шығармалары қазақ қауымы Қазақ хандығы тарихында Моғолстанды зерттеудің негізгі дереккөзі болды. «Қазақ хандығының саяси тарихы 1465-1780 жж.» атты Б.А. Габдулина еңбегінде қазақ мемлекетінің қалыптасу алғышарттары, даму кезеңдері, ішкі және сыртқы саясатына тоқталады. Бұл шығармалар басқа тарихи еңбектердің материалдарымен толықтырылып, арнайы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен салыстырылды. Зерттеуді жүргізу барысында зерттелетін мәселеге негізгі факторды анықтайтын және даму заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми әдістермен қатар эмпирикалық, проблемалық-хронологиялық, тарихи талдау мен жинақтау және тарихи салыстыру жүйелілік әдістері қолданылды [12;13;14;15;16.].

XV ғасырдың 50-жылдары Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ру-тайпалар қауымдары Әбілқайыр ордасынан Моғолстанға қоныс аударды. Бұл әлеуметтік наразылықтың саналы көрінісі болды. 1465 жылы құрылған Керей мен Жәнібек сұлтандар мемлекеті, аз уақыттың ішінде бұрынғы шағатайлық қауымдардың барлық иеліктерін жылдам басып алып, Қазақ хандығын жаңа мемлекет ретінде саяси аренаға шығарды. Қазіргі Қазақстанның бір бөлігі белгілі бір уақыт аралығында Шағатай ұлысы мен Моғолстанның құрамына кірді. Сол себепті Моғолстан мемлекетінің тарихы да қазақ мемлекеттігі тарихының бір бөлімі ретінде қарастырылуы қажет [9].

Қазақ хандығының құрылуы және ландшафтық фактор.

1465 жылы Шу мен Талас өзендерінің бойында Қазақ хандығының негізі қаланды. Жетісудың қолайлы табиғи-географиялық жағдайы алғашқы мемлекеттік орталық ретінде таңдалды.



Қазақ хандығы аз уақыт ішінде бұрынғы Шағатай ұлысының және Моғолстанның көптеген аумақтарын иемденіп, Орта Азиядағы ірі саяси күшке айналды. Қазақ этносы XV–XVI ғғ. қалыптасып, «қазақ» атауы халықтың ресми этнониміне айналды.

Қазақ ұлтының қалыптасуы феодалдық қатынастардың қалыптасуы мен нығаюына, аумақтың, тілдің, материалдық және рухани мәдениеттің ортақтығының қосылуына байланысты ұлттардың этноәлеуметтік организмдер ретінде қалыптасуының жалпы заңдылықтары негізінде өтті.

XV ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан ұлт қазіргі оқиғаларды бейнелейтін жазбаша дереккөздерде <қазақтар> (қазақ) деген атпен белгілі. Этнонимнің пайда болуы <қазақ> ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің пікір таластарының тақырыбы болды. Дерек көздерде бұл термин алдымен әлеуметтік мағынада қолданылған және мағынасы (В. В. Бартольд). Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті мен қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның (Оңтүстік Қазақстан) кең аумағындағы әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды нәтижесі болды.

Аралас экономикамен, көшпелі мал шаруашылығымен және отырықшы-егіншілікпен, қалалық - сауда-қолөнермен облыстардың табиғи интеграциясы негізінде Бірыңғай экономикалық аймақты Шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісуға Жәнібек пен Керей бастаған қазақ халқының бір бөлігі XV ғасырдың ортасында Моғолстандағы есен-бұғы хан тұсында қоныс аударған. Есен-Бұға Жәнібек пен Кереймен одақтасып, олардың көмегімен мемлекеттегі өз билігін нығайтып қана қоймай, хан Әбілқайыр мен ойраттарға қарсы күресте қолдана отырып, өз шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үміттенді. Осы мақсатта Есен-Бұға Жәнібек пен Керей хандарға өзінің солтүстік-батыс аумағы жерін – Шу мен Талас аңғарларын берді делінеді. Бірақ бұл жер алу мәселесі шартты ұғым болды, өйткені Орталық Азияның барлық аумағы, жалпы алғанда, Шыңғыс қаған мемлекетінің ортақ иелігі болған еді. Қазақ хандығы құрылу кезеңінде Шу мен Талас аңғарларының аумағын алып жатты.

Ортағасырлық тарихшы Мұхаммед Хайдар Жетісудағы тарихи жағдай және Қазақ хандығының қалыптасу процесі туралы жазады. «Тарихи Рашиди» кітабында Мұхаммед Хайдар Қазақ хандығының құрылу уақытын 1465-1466 жылдары болды деп көрсеткен.

Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде Сібір, Қазан және Астрахан хандықтары пайда болды.

Алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керей хандықтың аумағын кеңейту, Сырдария маңы қалалары мен Дешті Қыпшақтың дала аудандарында өз билігін бекіту мақсатында белсенді сыртқы саясат жүргізді.

XV ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстан мен Орта Азия тарихындағы ірі саяси оқиғалардың уақыты. Қазақ хандығы нығайып, Қазіргі Қазақстанның барлық аумағын иелену үшін күрес жүргізе бастады. Қазақстан, қазақтар елі ретінде алғаш рет Қазақ хандығы құрылған кезде пайда болды.

Оңтүстік және Орталық Қазақстанда билік үшін таласта шайбанилермен соғысқа кірген қазақ хандары нақты сөзсіз негізгі күшке ие болды. Олардың айналасында көшпенділердің едәуір бөлігі жиналды. Жетісуда олардың тылдары



тығыз болды. Олардың одақтастары — Мұса мырзаның Ноғай Ордасынан шыққан Тимур Ахмад ханның ұрпағы шайбанид Ибак хан болды. Қазақ хандарының қарсыластары – Әбілқайырдың немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд-сұлтан, моғұлдар еді [17].

Қазақ хандары мен шайбанилер арасындағы тартыс, соғыстар Сырдария маңындағы қалалар үшін ғана емес, сонымен қатар өңірдің көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарына билік ету үшін де жүріп жатты. Олар мемлекеттің саяси-экономикалық базасын нығайтуға ұмтылды, бұл үшін 30 жылдан астам уақыт бойы күресті. XV ғасырдың соңғы ширегінде және XVI ғасырдың басында Жетісу тайпалары мен руларын Қазақ хандығына біртіндеп енгізу процесі жалғасты.

Күрестің негізгі аудандары – Сырдария, Қаратау және Шығыс Дешті-Қыпшақ аудандары. Бұл аймақ үлкен экономикалық және стратегиялық маңызға ие еді. Мұнда көшпенділер үшін құнды қысқы жайылымдар болған; сауда-экономикалық байланыстардың маңызды орталықтары, ұзақ қоршауға төтеп берген бекіністер, әкімшілік-саяси орталықтар.

XVI ғасырдың басында Қазақ хандығы экономикалық және жер-географиялық жағынан кеңейіп, этникалық қазақтар аумағының көп бөлігін қамтыды. Қасым ханның тұсында хандықтың халқы 1 миллион адамға жетті. XVI ғасырдың ортасына қарай Қазақ хандығы өзінің басқару жүйесін нығайтып, оны жақсартты. Тәуке ханның тұсында билер кеңесі құрылып, әрекет етті. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы өзгерді, сұлтандар, билер мен батырлар институттары өзгерді.

Қазақтардың негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Барлық жайылымдар жыл мезгілдері бойынша бөлінді: қыстау-қыстау, көктем - Көктем, Күз - күз және жаз-жайлау. Қазақтардың негізгі байлығы болып табылатын мал оларды тамақпен, киім-кешек пен баспанаға арналған материалдармен қамтамасыз етті, сондай-ақ көрші халықтармен қажетті тауарларды тасымалдау және айырбастау құралы ретінде қызмет етті. Қазақтар негізінен қой, жылқы және түйе өсірді. Қазақтарда, әсіресе Бақтарда бірнеше мың бас мал болған. Қазақтардың жыл бойы мал жаю тәжірибесі мол болды.

Мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі қазақтармен қатар ауыл шаруашылығымен айналысатын жартылай көшпелі қазақтар да болды. Қазақтар негізінен тары өсірді. Қазақтардың экономикасында әр түрлі қолөнер мен тұрмыстық қолөнер маңызды орын алды, олардың көпшілігі мал шаруашылығы өнімдерімен байланысты болды. Дешті Қыпшақ [18] Үлкен Қыпшақ [19] немесе татар даласы, половец даласы, Қыпшақ даласы [20], Батыс Еуропада Кумания (парсы. Қыпшақ даласы, қаз. Дешті Қыпшақ; қырғыз. Дашт-и-Қыпшақ; тат. Даште Қыпшақ; баш. Дәшті Қыпшақта; қырым-тат. Deşt-i Qırcaq; кум. Дешті-и Қыпчакъ) - Еуразияның Тарихи аймағы, ол Дунайдың төменгі бөлігінен Ертіс пен Балқаш көліне дейінгі Ұлы Даланы білдіреді. Төменгі Сырдария мен Қырымнан Еділ-Кама Бұлғарларына дейінгі аралықты алып жатыр [21;22].

XI-XII ғасырларда Қазақстан аумағында Қыпшақ хандығының құрылуы көшпелі мемлекеттік дәстүрлер бедерлі көрініс тапқан біртұтас көне түркі тарихи-мәдени кешені дамуының соңғы кезеңі ретінде қыпшақ дәуірінің қалыптасуын



белгіледі. Этносаяси жағдайдың өзгеруімен әдебиетте Дешті-қыпшақ (Қыпшақ даласы) этногеографиялық термині пайда болды. Қыпшақ және Құман тайпаларының Қара теңіз даласына, көршілес Византияға қоныс аударуынан кейін. Нәтижесінде қыпшақ әскери-тайпалық дворяндарының саяси гегемониясы Ертістен Днестрге дейінгі үлкен аумаққа тарады. Қыпшақ хандарының қамқорлығымен Еуразиялық ауқымдағы этносаяси Білім пайда болды, оның шеңберінде мемлекеттік-әкімшілік, әскери және әлеуметтік-мәдени ежелгі түркі дәстүрлері жалғасты.

Дешті және Қыпшақтың бүкіл кеңістігінде белсенді интеграциялық процестердің нәтижесінде қыпшақтардың билігінде тарихи-этногеографиялық бірлік орнады. XII ғасырда. қыпшақ факторымен барлық түркі халықтарының ішіндегі ең көбі және олардың қоныстануының ең кең аумағы туралы түсінік байланысты болды. Осындай маңызды жерлерді алып жатқан Қыпшақ хандығы екі этнотерриториялық бірлестікке бөлінді: Шығыс қыпшақ және батыс қыпшақ, олардың арасындағы шекаралар Итіл өзенімен өтті. Қазақстан шегіндегі Шығыс Қыпшақ хандығы дала өркениеті аясындағы мемлекеттік құрылымдардың сабақтастық байланысы желісі бойынша көшпелі мал шаруашылығы қоғамының көп ғасырлық даму ерекшелігінің мөрімен белгіленді.

Еділ өзені сулардың тасқынды болуы, бірақ оның төменгі ағысындағы арнасы мұндай ағындар үшін тар болып шықты. Содан кейін оңтүстікке қарай Бузачи түбегіне (Маңғышлақтың солтүстігі) дейін созылған қазіргі заманғы өзен атырауы пайда болды. Тұзсыздандырылған таяз сулар фаунада балық өсуіне мүмкіндіктер тудырды. Каналдардың жағалаулары қалың орманды алқаптармен өсіп, жоталар арасындағы аңғарлар жасыл шалғындарға айналды. Дала шөптері тек биік төбелер шыңдарында (тік зоналылық) қалып, батыс пен шығысқа қарай шегінді (қазіргі Бахтемир мен Кигач каналдары), Кигач каналдары (Еділ өзенінің атырауы). Кигач дельтаның шығыс шекарасын құрайды. Батыс шекара - Еділдің негізгі арнасының жалғасы болып табылатын Бахтемир тармағы.

Содан кейін оны мекендеген этнос өзгерді. Сармат далалары москиттер малды тыныштандырмайтын, ал дымқыл шөптер оған ерекше және тіпті зиянды болатын каналдардың жағасынан шықты. Бірақ хазарлар қазір Каспий деңгейінен 6 м төмен орналасқан сол кездегі жағалау сызығына таралды. Олар ең бай балық алқаптарын, суда жүзетін құстарды аулайтын орындар, жоталардың баурайында жылқы өсіруге қолайлы жайылымдар пайда болды. Хазарлар өздерімен бірге жүзім кесінділерін алып келіп жерсіндірді.

Каспий маңы даласында үстемдік еткен жауынгер аландар мен ғұндар хазарлар үшін қауіпті емес еді. Атырау, дельтадағы өмір арналардың жанында шоғырланған және олар кез келген жаулаушыларды адастыратын лабиринт болып табылады. Арналардағы ағын тез, жағалауларда тығыз қамыс бар, сіз барлық жерде құрлыққа шыға алмайсыз. Хазарияға кіруге тырысқан кез-келген атты әскер қалың бұталармен қоршалған каналдарды бұзып өте алмады.

Осылайша, атты әскер өзінің басты артықшылығынан – маневрліктен айырылды, ал каналдардың лабиринтін түсінуді білетін жергілікті тұрғындар оңай пайдалана алды. Қыста одан да қиын болды. Жылдам өзендердегі мұз жұқа және сирек, өте суық қыста жылқы малы төтеп бере алады. Қыста мұздың астына түсіп



кету, тіпті таяз жерде болса да, желде қатып қалу болды. Егер әскер тоқтап, киім кептіру үшін от жақса, онда қуғын-сүргінге ұшыраған жау осы уақыт ішінде жасырынып, қуғыншыны қайтадан шабуылдап үлгереді. Егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығы ежелгі ғасырлардан бері қатар өмір сүріп келеді, өйткені олар этникалық топтарды ландшафттарға бейімдеу тәсілдері болды [23].

Ұлы Даланың тарихи-мәдени кеңістігі

Еуразияның ұлан-ғайыр далалық кеңістіктері сырт көзге еңсерілмейтін кедергі болып көрінгенімен, көшпелі мал шаруашылығы мен жылқыны қолға үйрету нәтижесінде ірі өркениет ошағына айналды. Дала өз алдына Жерорта теңізі жағалауы сияқты әртүрлі мәдениеттер мен діндердің қиылысқан жері болды. Ғұн, Түркі қағанаты, Шыңғыс хан империясы дәуірінде Ұлы Дала саяси тұрғыдан біріктіріліп, аймақаралық ықпалдастықтың орталығына айналды.

Түркі тілді тайпалардың қоныс аймағы

XIV–XV ғасырларда Дешті Қыпшақ, Жетісу, Сыр өңірі, Сарыарқа сияқты тарихи-мәдени ландшафттар қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына негіз болды.

Жетісу – Керей мен Жәнібек хандардың алғашқы ордасы Шу мен Талас аңғарында орналасты.

Сырдария өңірі – Сығанақ, Түркістан, Созақ сияқты қалалар саяси орталыққа айналды.

Сарыарқа мен Солтүстік Қазақстан – этникалық құрамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Зерттеуші Г.И. Спасский 1752 жылы Қазақ хандығының шекарасы оңүстік Сібір ішімен жүргенін атап өткен: *«При самом покорении Сибири российским оружием киргиз-кайсаки, или по тогдашнему названию Казачья Орда, обитали: во-первых, от реки Ишима, где ныне город сего имени, до Тобола, где город Курган, и до реки Тары»* Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды// *История Казахстана в документах и материалах. Альманах - Караганда, 2013. - Вып.3.- С.15*

Зиябек Қабылдинов пен басқа зерттеушілердің пікірінше, бұл өңірлер әрқашан қазақ халқының этникалық мекені болып келген [24].

Алтын Орда мен Ақ Орда ыдырағаннан кейін, 1428 жылы Барақ ханның өлімінен соң билік дағдарысы басталды. Әбілқайыр ханның қатаң саясаты көптеген руларды наразылыққа итермеледі. Керей мен Жәнібек бастаған халық тобы 1465 жылы Моғолстанға көшіп барып, Қазақ хандығының негізін қалады. Ортағасырлық деректерде («Тарих-и Рашиди» – Мирза Мұхаммед Хайдар) бұл жыл Қазақ хандығының ресми бастау кезеңі ретінде көрсетіледі. Меруерт Әбусейітованың еңбектерінде Керей мен Жәнібекке ергендердің саны 200 мыңға жеткені айтылады. Бұл көш этносаяси тұрғыдан қазақ халқының «қазақ» этнонимін иеленуіне ықпал етті [3].

Қазақ хандығының қалыптасу тарихын зерттеуде ортағасырлық деректермен қатар көне карталарды талдау аса маңызды.

- Еуропалық саяхатшылар – Плано Карпини, В. Рубрук, Марко Поло және басқалары далалық аймақты саяси құрылым ретінде сипаттаған.

- XIX ғасырдағы Ресей империясының әскери-топографиялық карталарында Қазақ хандығы дәуірінен қалған тарихи-мәдени мұралар (қалалар,



қалашықтар, бекіністер, керуен сарайлар, хан ордалары, элита жерлеулері) белгіленген [26]. Қазіргі уақытта Ұлы Даланың тарихи географиясына қатысты пәндік зерттеулер жүргізілуде.

Ұлы Даланың немесе басқаша айтқанда Ұлыс Жошының географиялық кеңістік бейнелері соңғы онжылдықтарда әртүрлі гуманитарлық ғылым салаларының мамандары тарапынан белсенді түрде зерттеліп келеді. Өткенді танудағы бұл бағыттың дамуына XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы 198 топографиялық картаның зерттелуі үлкен серпін берді. Бұл карталар қазіргі Қазақстан аумағының тарихи-мәдени ландшафтының барлығын қамтиды. Зерттеу нәтижесінде табиғи және тарихи топонимдерді пайдалану арқылы баламасы жоқ жинақталған топографиялық карта жасалды.

Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Алматы және басқа да облыстардың карталарын құрастыру барысында өзара ландшафтық сәйкестендіру, картографиялық талаптар ескеріліп, картографиялау әдістері (масштаптау және біріктіру) қолданылды. Бұл карталар он шақырымдық топографиялық негізде жасалған. Қазіргі карталармен салыстырғанда тарихи және ландшафтық-этникалық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылықтар бар екені анықталды. Мемлекет құрушы этнос тарихымен қатар, бұл айырмашылықтардың ішінде Жәнібек хан кесенесінің орналасуы ерекше тарихи мәнге ие. Бір аттас орын Қорғалжын көлдер кешенінде, Жәнібек көлі жағалауының оңтүстік-шығысындағы түпкі террасада орналасқан. Ишим экспедициясы (жетекшісі М. Қ. Хабдулина) жүргізген зерттеулер нәтижесінде Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Жәнібек ханның бұрын болжанған жерлеу орнына қатысты екі археологиялық нысанға қысқаша сипаттама берілді.

Жәнібек-Шалқар кесенесі (XV ғ.). Географиялық координаттары: СЕ 50° 33.867', ШБ 070° 15.813'. Ескерткіш Шалқар көлінің оңтүстік жағалауының түпкі террасасындағы 344 метрлік қыраттың ең биік нүктесінде орналасқан. Қыраттың үстінен кең дала панорамасы ашылып, көлдің қарсы беті мен айналасы анық көрінеді. Мавзолей салуға өте ыңғайлы орын таңдалған, ол алыстан көрініп, айналасындағы кеңістікте үстемдік еткен.

Бұл карталар тарихи-мәдени ландшафтты қайта жаңғыртып, қазіргі археологиялық және этнографиялық зерттеулер үшін маңызды дерек көзіне айналып отыр.

Тарихи-мәдени ландшафттың сабақтастығы

Қазақ хандығының құрылуы – тек саяси оқиға емес, сонымен қатар тарихи-мәдени ландшафттың дамуының нәтижесі болды. Дала мәдениеті:

- көшпелі мал шаруашылығы, тары егіншілігі,
- қоршаған орта, табиғатпен үйлесім,
- архитектуралық шешімдер (киіз үй),
- ауыз әдебиеті мен фольклордағы топографиялық атаулар (тау, өзен, қоныс атаулары) арқылы сақталды. Жетісу, Сыр өңірі, Сарыарқа – Қазақ хандығының саяси орталығы ғана емес, тарихи жадының кеңістігіне айналды.

Қорытынды

Ұлы Дала, Еуразияның кең байтақ кеңістігі, тарихи және мәдени тұрғыдан алғанда адамзат өркениетінің дамуына зор ықпал еткен аймақ болып табылады.



Орта ғасырларда, қазақ хандығы тұсында, Теңіз Қорғалжын өңірі сияқты жерлерде этностардың өмір сүруі мен мәдениетін зерттеу арқылы біз осы тарихи кеңістіктің ерекшеліктерін түсіне аламыз.

Ұлы Дала өзінің әртүрлі табиғи ландшафттарымен – шөлдерімен, далаларымен, орманды дала, таулы жерлерімен – бірегей экожүйе қалыптастырды. Бұл аймақ жылқының қолға үйретілуімен және көшпенді мал шаруашылығының дамуы арқылы ерекше өркениеттің пайда болуына мүмкіндік берді. Көшпенділердің өмір салты, олардың мал шаруашылығына негізделген экономикасы, сондай-ақ мәдениетаралық байланыстары мен сауда қатынастары – барлығы Ұлы Даладағы қауымдардың тұтастығы қалыптасты.

Шетелдік саяхатшылардың көзқарасынан, бұл кеңістік қиындықтармен толы болды. Бірақ шын мәнінде, Ұлы Дала түрлі мәдениеттер, тілдер, діндер мен өркениеттердің тоғысатын орнына айналды. Хунну, түріктер, Шыңғыс хан империялары сияқты тарихи мемлекеттер Еуразияда саяси шоғырландыруды жүргізіп, Ұлы Даланы дамытуда маңызды рөл атқарды.

Осы мәліметтер негізінде, Ұлы Дала тарихи мәдени ландшафты тек географиялық кеңістік емес, сонымен қатар мәдениет, дәстүрлер және тарихтың белсенді түрде дамып келе жатқан алаңы болып табылады. Қазақ хандығы тұсындағы этностардың осы жерлердегі өмірі мен мәдениеті олардың өзара байланыстылығы мен инновативтілігімен ерекшеленеді. Бұл аймақтың тарихы және мәдениеті қазіргі қазақ қоғамына да әсер етіп келеді, әрі тарихи сабақтастықтың маңызды компонентін құрайды.

Ұлы даланың географиялық кеңістігінің немесе басқа Жошы ұлысының бейнелерін соңғы онжылдықтарда әртүрлі гуманитарлық пәндер мамандары белсенді зерттеп келеді. Өткенді тануда осы бағыттың дамуына ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы топографиялық карталардың зерттелген 198 парағы маңызды ынталандыру болды, ол бүкіл қазіргі Қазақстанның тарихи – мәдени ландшафтын қамтиды. Нәтижесінде Қазақстан ландшафтының табиғи және тарихи топонимдерін пайдалана отырып, баламасы жоқ құрама топографиялық карта жасалды. Жәнібек хан кесенесін оқшаулау аса маңызды тарихи маңызға ие. Осы аттас орын оңтүстік-шығыс жағалауындағы Қорғалжын көлдері кешенінде, Жәнібек көлінің байырғы террасасында орналасқан. М. К. Хабдулинаның жетекшілігімен Ишим экспедициясы жүргізген Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Жәнібек ханның бұрын болжанған жерленген жерін зерттеу нәтижесінде біз екі археологиялық сюжетке қысқаша сипаттама бердік.

Жәнібек-Шалқар кесенесі (ХV ғғ.). Географиялық координаттары: С.е 50° 33.867, Б.б 70° 15.813. Ескерткіш Шалқар көлінің оңтүстік жағалауындағы байырғы террасаның ең биік нүктесін (344 м) алып жатты. Төбенің бетінен даланың кең панорамасы ашылады, көлдің қарама-қарсы жағалауы және оған іргелес округтер көрінеді. Кесене салу үшін өте жақсы орын таңдалған. Кесене алыстан көрініп, айналадағы бетке үстемдік етті. Қорғалжын даласы-онжылдық тыңайған жер жырту аймағы, және қазіргі уақытта трапеция тәрізді футбол алаңының көлеміндей 8 км Баршино елді мекенінің шығысында орналасқан гундардың қасиетті орны ретінде тарихи нысандар қызығушылық тудырады.



Тоқтамыс көлі Алтын Орданың ыдырау кезеңіндегі белгілі тарихи тұлғалардың бірі – Тоқтамыс ханымен (1380-1395) байланысты болуы мүмкін. Астрахан ауданының аумағында түгім-Шигай әулетінен шыққан Қарақисек пен Тоқтауыл руларының басқарушысы, Барақ ханның ұлы, жездесі, жездесі Даир-сұлтанның (1786 жылы қайтыс болған) жерленген жері табылды. Картада ол "м.Даир хан" деп белгіленген.

Керей қабір зираты белгілеген Керей көліне құятын Керей өзенінің жағасындағы Теңіз-Қорғалжын ойпатындағы жерлеу орны Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Керей-сұлтанның есімімен байланысты болуы мүмкін. [27].

Далалық ландшафттар — биологиялық өмірдің байлығымен, ең құнарлы топырақтарымен ерекшеленіп, мыңдаған жылдар бойы халықтарды тоғыстыратын әрі біріктіретін мекен болды. Мұнда өркениет тарихының талай парақтары сақталған. Дәл осы кеңістікте қуатты ордалар, қағанаттар мен тайпалар жойылды. Еуразияның шексіз даласы тарихта ұзақ уақыт бойы тұрақты қоныс аударуларға тамаша аймақ болып қалды (сақтар, сарматтар, ғұндар, хазарлар, печенегтер, қыпшақтар және т.б.). Көшпелі өмір салтының басты алғышарты географиялық орта, соның ішінде ландшафттар болды.

Ұлы Дала өркениеті табиғи жаратылыс географиялық жағдаймен тығыз байланысты болды. Даладағы тарихи-мәдени ландшафт көшпелілердің тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, мәдениетін қалыптастырды. XIV–XVI ғасырларда орын алған саяси оқиғалар – Алтын Орданың ыдырауы, Ақ Орда мен Моғолстанның рөлі, Әбілқайыр ұлысынан бөліну және Қазақ хандығының құрылуы – барлығы географиялық және табиғи факторлармен тығыз байланысты. Сондықтан қазақ халқының тарихын терең түсіну үшін тарихи-мәдени ландшафттарды кешенді зерттеу аса маңызды.

1. Қазақ хандығының пайда болуы Ұлы Даланың тарихи-мәдени ландшафттарымен тығыз байланысты.

2. Түркі тілдес тайпалардың этникалық аумағы Алтайдан Дунайға дейінгі кеңістікті қамтыды.

3. Еуропа мен Америка архивтеріндегі көне карталарда «Казахия», «Тартария» атауларының кездесуі – Қазақ хандығының халықаралық кеңістікте танылғанын дәлелдейді.

4. Көшпелі мәдениет пен табиғи ортаға бейімделу қазақ этносының тұрақтылығы мен бірегейлігін қалыптастырды.

5. XIX ғасырдағы әскери-топографиялық карталардағы тарихи нысандар (бекіністер, керуен сарайлар, қалашықтар) Гизат Табулдин зерттеулеріндегі материалдар ландшафтылық тұрғыда Қазақ хандығының мұрасын қазіргі кезеңде туристік-мәдени ресурстарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Алғыстар

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен орындалды BR21882223 (бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру).



ӘДЕБИЕТ

- [1] Г.Ж., Муратулы А., Калилаханов Т. –Астана, 2024. – 380 с
Библиографическое описание: Казахи: Историко-этнограф. исслед. ; [ред. Г.Е. Тайжанова]. – А.: Казахстан, 1995. – 352 с.
- [2] Мұхит-Ардагер Сыдыкназаров «Тарих толқынындағы Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті»
- [3] Мұхтар Мағауин. Алтынорда // Juldyz (Жұлдыз) Қазақстан жазушыларының әдеби-әлеуметтік журналы.
- [4] Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», 46-бет, «Қазақ хандығы тарихының материалдары», 95-бет
- [5] Кәрібаев Б.Б. К 25 Қазақ хандығының құрылуы тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 520 бет.
- [6] Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы: дәрістер жинағы / Аяған Бүркітбай. – Алматы: Литера-М, 2020. – 216 б. Қазақ хандығы тарих толқынында = Казахское ханство в потоке истории [Мәтін]: очерктер
- [7] Н. Атығаев; ред. алқ.: Х. М. Әбжанов (жауап. ред.), А. О. Қырықбаев, Ғ. Өтелбайұлы т. б. ; Ш. Ш. Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты ; Алматы қаласы әкімдігі. – Алматы: Елтаным, 2015. - 384 б.
- [8] «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», 1-том, 364-442-448-66 [9].
- [9] Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж. XV–XVI ғғ. Қазақ хандығы және Моғолстан мемлекеті // Edu.e-history.kz электрондық ғылыми журналы. – 2023. – Т. 10. №4. – 692–703 бб.
- [10] Қазақ хандығы тарихына қатысты археологиялық және этнографиялық деректер жинағы. – Алматы: Ғылым, 2022.
- [11] Марғұлан Ә.Х. Ежелгі мәдениет куәгерлері. – Алматы: Санат, 1994.].
- [12] Аяған, Бүркітбай. Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы : дәрістер жинағы / Аяған Бүркітбай. – Алматы: Литера-М, 2020. – 216 б.
- [13] История Казахстана в персидских источниках _Отв.ред.М.Х. Абусейтова_ В 5 томах _Алматы_ Дайк-Пресс_2007_Том I—V_4 76с
- [14] Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда Монография. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 384 с.
- [15] Габдулина Б.А. Қазақстан тарихының саяси тарихы.1465–1780 жж. Очерктер. - Астана. ҚР Ұлттық музейі,2023. -378 б.
- [16] Кузембайұлы А., Абиля Е.А.К 89 История Казахстана: Учебник для вузов. 8-е изд. перераб. и доп./ -Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006 - 350 с.
- [17] Атығаев Н. Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV XVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023: 225.
- [18] 1 Brian L. Davies, *Warfare, State and Society on the Black Sea Steppe, 1500–1700*;



- [19] Nasir-i Khusraw / Nanji, Azim // *Encyclopaedia of Islam*. 2nd ed : [ағыл.] : in 12 vol. / edited by C. E. Bosworth; E. van Donzel; W. P. Heinrichs & Ch. Pellat. Assisted by F. Th. Dijkema (pp. 1—384), P. J. Bearman (pp. 385—1058) and S. Nurit. — Leiden : E.J. Brill, 1993. — Vol. 7. — P. 1006.
- [20]. Султанов Т.И. Казахи. Судьба народа и судьба страны в средние века. Алматы: «Дайк-Пресс», 2020: 344.
- [21]. Дешт-и-кыпшақ Қарай: [арх. 14 тамыз 2021] / В.В. Трепавлов // Григорьев — Динамика. — М.: Үлкен орыс энциклопедиясы, 2007. — Б. 617
- [22]. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошке. Потомки Чингиз-хана. — Алматы, 2001. — С. 125.
- [23]. Гумилев Л. Н., Эрдейи И. Единство и разнообразие кочевой культуры в средние века // Народы Азии и Африки. 1969. № 3. С. 78–87.
- [24]. Зиябек Қабылдинов: Қазақ хандығы – Алтын Орданың тікелей мұрагері | Национальный портал “Адырна”<https://adyrna.kz/post/31893?ysclid=merubpweou550252350>
- [25]. Г. Табулдин Реликтовый ландшафт великой степи — Kazface.kz
- [26] Алпысбес М.А. Шүршітқырылған шайқасы халықтың тарихи жадысында // edu.e-history.kz. №1. 2024. Б.327-342

REFERENCES

- [1] G.Zh., Muratuly A., Kalilakhanov T. – Astana, 2024. – 380 p. Bibliographic description: *Kazakhs: Historical and ethnographic research*; [ed. G.E. Taizhanova]. – Almaty: Kazakhstan, 1995. – 352 p.
- [2] Mukhit-Ardager Sydyknazarov. *Continuous statehood of Kazakhstan in the flow of history. The Kazakh state on European and American maps of the 16th–19th centuries*.
- [3] Mukhtar Magauin. *Golden Horde — Zhuldyz (Star)*, literary and socio-political journal of Kazakhstan writers.
- [4] Muhammad Haidar Dulati. *Tarikh-i-Rashidi*, p. 46, “Materials on the history of the Kazakh Khanate,” p. 95.
- [5] Kəribayev B.B. *The history of the formation of the Kazakh Khanate*. – Almaty: “Sardar” Publishing House, 2015. – 520 p.
- [6] *Ulugh Ulus – History of the Golden Horde State: Lecture notes* / Ayagan Bürkítbay. – Almaty: Litera-M, 2020. – 216 p. *The Kazakh Khanate in the Flow of History* [Text]: essays.
- [7] N. Atygaev; editorial board: Kh. M. Äbzhanov (chief ed.), A. O. Kyrykbai, G. Ötelbaiuly et al.; Institute of History and Ethnology named after Sh. Sh. Ualikhanov; Almaty City Administration. – Almaty: Eltanym, 2015. – 384 p.
- [8] *Collection of materials on the history of the Golden Horde*, Vol. 1, pp. 364–442–448.
- [9] Adiyet K.B., Kaliyev Zh. *The Kazakh Khanate and the Moghulistan State in the 15th–16th centuries* // *Edu.e-history.kz*, electronic scientific journal. – 2023. – Vol. 10. No. 4. – pp. 692–703.



- [10] *Collection of archaeological and ethnographic data related to the history of the Kazakh Khanate*. – Almaty: Gylym, 2022.
- [11] Margulan Ä.Kh. *Witnesses of Ancient Culture*. – Almaty: Sanat, 1994.
- [12] Ayagan, Bürkítbay. *Ulugh Ulus – History of the Golden Horde State: Lecture notes*. – Almaty: Litera-M, 2020. – 216 p.
- [13] *History of Kazakhstan in Persian sources* / Ed. M.Kh. Abuseitova. In 5 volumes. – Almaty: Daik-Press, 2007. – Vols. I–V. – 476 p.
- [14] Yudin V.P. *Central Asia in the 14th–18th centuries through the eyes of an Orientalist. Monograph*. – Almaty: Daik-Press, 2001. – 384 p.
- [15] B.A. Gabdulina. *Political history of Kazakhstan. 1465–1780. Essays*. – Astana: National Museum of the Republic of Kazakhstan, 2023. – 378 p.
- [16] Kuzembaiuly A., Abil E.A. *History of Kazakhstan: Textbook for universities*. 8th ed., revised and supplemented. – Kostanay: Kostanay Regional Institute of Historical Research, 2006. – 350 p.
- [17] Atygaev N. *The Kazakh Khanate: Essays on the foreign policy history of the 15th–17th centuries*. – Almaty: Eurasian Scientific Research Institute, MKTU named after H.A. Yassawi, 2023. – 225 p.
- [18] Brian L. Davies. *Warfare, State and Society on the Black Sea Steppe, 1500–1700*.
- [19] Nasir-i Khusraw / Nanji, Azim // *Encyclopaedia of Islam*. 2nd ed., in 12 vols. / Edited by C. E. Bosworth; E. van Donzel; W. P. Heinrichs & Ch. Pellat. Assisted by F. Th. Dijkema (pp. 1–384), P. J. Bearman (pp. 385–1058) and S. Nurit. – Leiden: E.J. Brill, 1993. – Vol. 7. – p. 1006.
- [20] Sultanov T.I. *The Kazakhs. The fate of a people and the fate of a country in the Middle Ages*. – Almaty: Daik-Press, 2020. – 344 p.
- [21] *Desht-i-Qipchaq* [arch. Aug. 14, 2021] / V.V. Trepavlov // Grigoriev – *Dynamics*. – Moscow: Great Russian Encyclopedia, 2007. – p. 617.
- [22] Sultanov T.I. *Raised on the White Felt. Descendants of Genghis Khan*. – Almaty, 2001. – p. 125.
- [23] Gumilev L.N., Erdei I. *Unity and diversity of nomadic culture in the Middle Ages // Peoples of Asia and Africa*. 1969. No. 3. pp. 78–87.
- [24] Ziyabek Kabuldinov: *The Kazakh Khanate – the direct heir of the Golden Horde* | National Portal “Adyrna”
<https://adyrna.kz/post/31893?ysclid=mepubpweou550252350>
- [25] G. Tabuldin. *Relict landscape of the Great Steppe* — Kazface.kz
- [26] Alpysbes M.A. The Battle of Shurshitkyrlgan in the Historical Memory of the People // *edu.e-history.kz*. №1. 2024. P.327-342

**Мазбаев О.Б., Махсат Алпысбес., Табулдин Гизат, Абдулхайров А.,
Изенбаев Б.Ж.**

ИСТОРИКО КУЛЬТУРНЫЙ ЛАНДШАТ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Аннотация. В статье рассматриваются историко-культурные ландшафты Великой степи. Великая степь — это обширное природно-географическое пространство, охватывающее пустынные, степные, лесостепные и горные районы Евразии. Одомашнивание лошади и развитие кочевого скотоводства в этом



пространстве стали основой цивилизационного развития. Кочевая культура усилила связи между различными этносами и культурами, а этот процесс продолжился в эпоху империй хунну, тюрков и Чингисхана. Богатое природное и культурное наследие Великой степи оказало прямое влияние на формирование Казахского ханства, определив образ жизни и политическое развитие народа. Историческая преемственность эпох Тюркского каганата, Золотой Орды и Казахского ханства усилила политико-культурную роль данного региона. Исторические источники и археологические исследования позволяют объяснить социально-экономическое развитие обществ Великой степи и формирование их этнокультурного единства.

Ключевые слова: Великая степь; Улус Чагатай; казахи; Жетысу; Восточный Туркестан; моголы; Казахское ханство; Дешт-и-Кыпчак; Могулистан.

**Mazbayev O.B., Makhsat Alpysbes, Tabuldin Gizat, Abdulkhairov A.,
Izenbayev B. Zh.**

HISTORICAL AND CULTURAL LANDSCAPE OF THE GREAT STEPPE

The article examines the historical and cultural landscapes of the Great Steppe. The Great Steppe is a vast natural and geographical space that encompasses the desert, steppe, forest-steppe, and mountain regions of Eurasia. The domestication of the horse and the development of nomadic pastoralism in this space laid the foundation for civilizational development. Nomadic culture strengthened the connections between various ethnic groups and cultures, and this process continued during the eras of the Xiongnu, Turkic, and Chinggisid empires. The rich natural and cultural heritage of the Great Steppe had a direct impact on the formation of the Kazakh Khanate, defining the way of life and political development of the people. The historical continuity of the Turkic Khaganate, the Golden Horde, and the Kazakh Khanate further enhanced the political and cultural role of this region. Historical sources and archaeological research make it possible to explain the socio-economic development of the societies of the Great Steppe and the formation of their ethno-cultural unity.

Keywords: Great Steppe; Chagatai Ulus; Kazakhs; Zhetysu; Eastern Turkestan; Mongols; Kazakh Khanate; Desht-i-Kipchak; Moghulistan.